

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



**ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР КОНТЕКСІНДЕГІ
ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУДІҢ
ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ**

халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
материалдар жинағы
25 сәуір 2023 жыл

**СТРАНЫ ВОСТОКА В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННЫХ
МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ: ПРОБЛЕМЫ И НОВЫЕ
ПОДХОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ**

сборник материалов
международной научно-практической конференции
25 апреля 2023 г.

collection of materials
international scientific and practical conference
**THE COUNTRIES OF THE EAST IN THE CONTEXT OF
MODERN INTERNATIONAL RELATIONS: PROBLEMS AND
NEW REQUIREMENTS FOR RESEARCH**

25 April, 2023

НҮР-СҰЛТАН
2023

УДК 327
ББК 66.4
Қ22

Ұйымдастыру комитеті

Төраға:

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ басқарма төрағасы-ректор

Төрағаның орынбасарлары:

Мақыш С.Б., Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор
Құрманғалиева Ж.Д., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерцияландыру және
интернационалдандыру жөніндегі проректор

Мүшелері:

Қосыбаев М.М., Калиева А.Б., Биримқұлова Г.У., Тулеубаева С.А., Әлібекұлы А.

Құрастырған: Әлібекұлы А.

Қазіргі халықаралық қатынастар контексіндегі шығыс елдері: проблемалары және зерттеудің жаңа талаптары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы – Нұр-Сұлтан, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 112 бет.

ISBN 978-601-337-866-4

Бұл жинаққа қазіргі шығыс елдерін зерттеудің теориясы мен методологиясын, Таяу Шығыс, Шығыс Азия, Оңтүстік Азия және Орталық Азиядағы аймақтық мәселелерді, шығыс елдерінің тарихын, мәдениетін, тілін, әдебиетін, экономикасын, әлеуметтік жағдайларын қарастырған ғалымдардың, докторанттар мен магистранттардың мақалалары енгізілді.

Жинақты шығыс елдерінің дамуы мен рухани құндылықтарына қызығушылық танытқан шығыстанушылар, аймақтанушылар, филологтар және тарихшылар ғылыми-ізденіс жұмыстары барысында қолдана алады.

Мақалалар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-337-866-4

**УДК 327
ББК 66.4**



© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

КӨНЕ ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ИСЛАМҒА ДЕЙІНГІ ДІНИ НАНЫМДАРЫ МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ ТУРАЛЫ АРАБ ДЕРЕКТЕРІ

Ильясова Зибегүл Сүлейменқызы¹
zita.08@mail.ru

Ерте ортағасырлардағы Қазақстан тарихында түркі дәуірі деп те атайды. Бұл кезеңде Еуразиялық Ұлы дала түркілердің басшылығымен бірігіп, бұрын-сонды болмаған этносаралық коммуникациялық байланыс жүзеге асырылды. Түркілер Жерорта теңізі мен Тынық мұхиты арасындағы алып территорияны жайлап, Ұлы Жібек жолын қадағалап, халықтар мәдениеттерінің өзара араласуына жол ашты [1, 40-б.]. Түркі дәуірінде дала өркениеті наным-сенімдер мен діндердің алуан түрлілігімен ерекшеленді. Ұлы даланың ортағасырлық тарихының басты ерекшелігі наным-сенім мен діндердің айтарлықтай дамуы болды. Бұл әсіресе V-XIII ғасырлар аралығы, яғни Түрік қағанаттары дәуіріне тән. Көшпелілердің дүниетанымының негізін олардың өзіндік діни нанымдары мен әдет-ғұрыптары құрады. Екінші жағынан, Ұлы Жібек жолы бойында басқа діндер мен рухани құндылықтар белсенді түрде тарайды.

Аспанға көз жіберген ежелгі түркілер өмірді өзінің дүниетанымдық кеңістік тұрғысынан қалыптастырған. Ол тік кеңістіктің үстіңгі бөлігін Тәңірі әлеміне және өзінің орталық әлеміне — Жер мен Суға бөлді, осылардың бәрінің жиынтығын тіршілік ету көзі деп қарады. Онда Жер мен Тәңірге табынушылық осы нанымда басты орын алады. Олар Тәңірі мен Көк аспанды бір ұғымда қарастырып, сыйынды [2, 149-б.]. Тәңір — байырғы түрік халықтарында аспандағы Құдайдың аты. Бұл ұғым Хунну (Сюн-ну, Гун) дәуіріне дейін орнығып (б.з.б. III ғасырға дейін), кейіннен осы көшпелі Ұлы дала империясының идеологиясына айналып, кейінгі түркі империяларына да идеологиялық алтын қазық болған.

Түркілерде бір «Тәңір» ұғымы болғандығын ортағасырлық араб саяхатшылардың еңбектерінде көрініс тапқан. X ғасырда араб географы әл-Макдиси Орталық Азиядағы түркілердің наным-сенімі туралы былай деп жазады: «Түріктер бір Тәңірі, яғни «Тәңір біреу», — дейді. Олардың кейбіреулері Тәңірі дегеніміз — зенгір көктің атауы деп пайымдаса, ал енді біреулері Тәңірі деген — көктің нақ өзі, дейді» [3, 109 б.].

X ғасырда арабтың екі саяхатшысы Ибн Фадлан мен Әбу Дулаф Қазақстан жері арқылы жүріп өткен. Ибн Фадлан «Жазба» (Рисала) деген еңбек жазған. Ол халифа әл-Мұқтадирдің Еділ Болғарларына 921–922 жылдары жіберген елшілігінің құрамында болған. Батыс Қазақстан жері арқылы өткен елшіліктің жазбаша есебін жазған Ибн Фадлан түрік тайпалары, олардың салт-дәстүрі және т.б. жағдайлар туралы құнды мағлұматтар қалдырған. Бұхарадан шығып, Амудария арқылы Хорезм жерінен үстіртті басып, Кама бойына дейін жеткен елшілік сапарында Ибн Фадлан жол бойы көргендері мен кездескендері туралы тыңғылықты жазбасында оғыз, башқұрт сияқты түрік тайпаларының шаруашылығы, әдет-ғұрпы жөнінде тың деректер келтіреді [4, 60-б.]. Оғыз тайпаларының жерімен өткенде олардың салт-дәстүрі мен діни нанымдары туралы мәліметтер келтірген. Оғыз тайпалары басқа түркі тайпалары сияқты бір «Көк Тәңіріне» сиынған және жерлеу ғұрыптары да ұқсас болған. Ибн Фадлан жазбаларында «егер оғыз тайпасының бір сыйлы адамы қайтыс болғанда оны жерлеу барысында онымен бірге тұрмыста пайдаланған заттарын да қоса жерлеген. Құрбандыққа жылқы малын шалып оның басы мен терісін ағаш басына керіп іліп, осы

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Астана, Қазақстан.

құрбандыққа шалынған жылқымен пейішке барады деп сенген. Егер қайтыс болған адам батыр жауынгер болса, онда ағаштан ол жеңген жауларының мүсінін жасап, о дүниеде олар батырға қызмет ететін болған деген нанымдарға сенген. Сондай ақ, оғыздар, ағаштан құдай бейнесін ойып жасап өз үйлерінің төріне қоятын болған және сол бейнеге табынған» деген мәліметтер келтірген [5, 64-б.].

Сондай еңбектердің қатарына саманилік билеуші Наср Ибн Ахмад (914–943) тұсында жазылған Әбу Дулафтың (X ғ.) «Жазбаларын» атауға болады. 942 жылы қытай елшілігіне жол көрсеткен Әбу Дулафтың сапары Шығыс Түркістан жері арқылы өткендіктен, оның жолсапар жазбаларында да түрік тайпаларына қатысты құнды деректер келтірілген. «Жазбада» (Рисала) оғыздардың, кимектердің, қарлұқтардың, жікілдердің шаруашылығы, діні мен тұрмысы туралы мәліметтер айтылады. Әбу Дулафтың жазбалары Йақұт әл-Хамауидің «Му‘жам әл-булдан» еңбегі мен Закария әл-Қазунидің «Космографиясы» алғаш рет танылды [4, 60-б.].

Түріктердің тәңірлік дүниетанымы бойынша тас балбалдар қойып, соған сыйынуы VI-VIII ғасырларда кең тараған. Бұл дәстүр IX-X ғасырларға дейін сақталып келген. Қарлұқтарда осындай және осыған ұқсас дәстүрлердің болғандығын араб саяхатшысы Әбу Дулафтың жазбаларынан білеміз. Қарлұқтарда «сыйынатын храм бар, оның қабырғаларында олардың бұрынғы патшалары бейнеленген. Бұл храм жанбайтын ағаштан жасалған» [6, 85-б.]. Одан әрі, қарлұқтарда «өздері құрметтейтін және жүгінетін тас бар, олар оған құрбандық шалады; ол тас қызыл, жасыл түсті» деген дерек келтіреді. Бірақ оның орналасқан жері туралы мағлұмат бермейді.

Түркі халықтары көк Тәңірі деп бір тәңірге сыйынғанымен шамандық нанымдағы ұсақ құдайларды да жоққа шығармады. Түрік қағанаты тұсында түркі тайпалары арасында әртүрлі діни ағымдар мен сенімдер өмір сүрді. Бақсылар, ортағасырлық қоғамда, тас - яда-таш (нефрит, яшма немесе жада) тастың көмегімен бұлт шақырып, жаңбыр жауғызып, найзағай ойната алған. Бақсылардың ерекше қасиеттерінің бірі емшілік болған. Адамдар оларға психикалық және тән азаптарынан айығу үшін барып, олардың сиқыры мен көріпкелдігіне жүгінген. 982 жылғы парсы тіліндегі «Худуд әл-алам» трактатының анонимді авторы: «(Оғыздар) дәрігерлерді құрметтейді және олар көрген сайын оларға табынады. Бұл емшілер (шамандар) өз өмірін де, мал-мүлкін де басқарады» [8, 210-б.].

Ежелгі түркілердің отқа табынуға байланысты әдет-ғұрыптары исламға дейінгі кезеңде тұрмыстық деңгейде ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік ресми жоралғы қызметін атқарған Византия тарихшысы Менандр түрік қағаны Дизабулға Византиядан әскери сарапшы Замрахтың бастауымен келген Юстиниан II-нің елшілігін келгеніндегі қабылдау жоралғыларын тәптіштеп жазады. Осы жазбадан түріктердің елшіге байланысты жасаған жын-шайтандарды, кеселді отпен аластау дәстүрлерінің отқа табынуға тән дүниетанымдық негіздерін аңғарамыз [4, 160-б.].

VI-VII ғасырлардағы тарихи кезеңнің ерекшелігі Ұлы Жібек жолы арқылы әр түрлі халықтармен және мемлекеттермен байланыстар дамып, түркілердің діни-наным сенімдері үнемі даму үстінде болды. Түркілер арасында белсенді түрде басқа діндер мен діни ілімдер таралып, объективті өзгерістер мен инновациялар орын алды. Көнеден бері әсіресе қалалар мен отырықшы қоныстарда Орталық Азия жерінде зороастризм тарады. Жібек жолының трассалары арқылы несториандық бағыттағы хиристиандық та таралған болатын.

VII-VIII ғғ. христиан дінінің несториандық сектасы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларында кең таралды. Көптеген қалаларда христиан шіркеулері болғандығы туралы жазба және археологиялық деректер арқылы белгілі болды. Әбу Дулаф шігіл тайпасы «арасында аздаған христиандар бар» екендігін де жазады [4, 154-б.].

Жібек жолының бойымен келесі бір дін – манихей діні таралған. Түркі қағанаты тұсында тарала бастаған діни ағымдар қатарында будда, несториандық христиан ағымы мен

манихейзмді де атауға болады. Бұл діни ағымдар Түркі қағанаты тұсында қатаң белең алмағанымен, кейін Ұйғыр қағанаты тұсында біршама күшейді. Манихейзм діні күшейіп қағанаттың ресми дініне айналғаны белгілі [8, 39-б.].

Араб саяхатшысы Тамим ибн Бахр 700-800 жылдар аралығында тоғызтоғыз қағанына дипломатиялық тапсырыспен барған. Оның деректерін ең алғаш Ибн Хордадбех (IX ғ.), одан кейін Кудамма ибн Жафар (IX ғ.) сияқты авторлар елеусіз толықтыруларсыз пайдаланады. Оның айтуы бойынша оның саяхаты кезінде тоғызтоғыздар елінде зороастризм мен манихейліктер болған, бүкіл ел көлемінде зороастризм басым болса, манихейліктер саны астанада көп болған. Кейіннен манихейлік бел алады да, арабтар тоғызтоғыздарды тұтастай манихейлер деп атай бастаған. Манихейлік те будда діні сияқты тоғызтоғыздардың әскери қабілетіне кері әсер еткен деп есептеледі. Араб ғалымы әл-Жахиз (IX ғ.) тоғызтоғыздар манихейлікті қабылдағанға дейін жауынгер әрі батыл халық еді, саны аз болса да қарлұқтармен күресте жеңіп шығатын, манихейлікті қабылдағаннан кейін жеңіліс табатын болды [4, 143-б.] жазады.

Жоғарыда айтқанымыздай түркі тайпалары ішінен ұйғырлар мани дінін Түркі қағанаты тұсында қабылдай бастайды. Түркі қағанаты ыдыраған соң 747 жылғы ұйғырлар ішінде болған қырқыс кезінде манихей мен несториан ағымындағылар да бір-бірімен жауласып кетеді. 763 жылы Мойыншор хан жеңіске жеткен соң манихейзмді қолдап, оны мемлекеттік дінге шейін көтереді. Осы кезден бастап Ұйғыр қағанаты діни мемлекетке айналады, билік мани дінінің өкілдеріне беріледі. Хан тек әскери істермен ғана айналысатын билігі шектеулі жанға айналады. Қағанатты емін-еркін билеген манихейшілер басқа діни ағымдарға қарсы күресті бастайды. Түркі қағанаты тұсында ата-баба сенімімен еркін жүрген түркі тайпаларына ет жеуге, кісі өлтіруге, шабуыл ұйымдастыруға тиым салады. Бұл тиымдар ат үстінде өмір сүрген, жауынгерлік рухта тәрбиеленген түркілердің санасына сыймайтын әрекеттер еді. 840-847 жылы қырғыздар манихейзм дінінің өкілдерінің шектен шығуына наразы болып Ұйғыр қағанатына шабуыл жасайды. Қырғыздардың соққысынан есін жимаған мани дінінің өкілдері X ғасырға дейін Самарқанд жерінде ғана өз ағымын сақтап қалады [8, 39-б.].

Түріктердің наным-сенімер туралы әл-Масуди (IX ғ.) «Оларда дін жоқ, бірақ кейбіреулері зороастризмді (мажусийа) және иудаизмді (йахудийа) ұстанады» дей келіп, түріктердегі отқа табынудың көрінісін суреттейді. Келесі бір еңбегінде «Түрік-тоғызтоғыздардың сенімі манихейлік. Түріктерде осы дінді ұстанатын басқа тайпа жоқ» [4, 156-б.] дейді.

Арабтілді авторлар қолданған «Зиндик» ұғымына келес болсақ, зиндик (пехлеви тілінде «зандик») түсініктеме дегенді білдіреді – сасанилік мемлекеттегі дұрыс жолдағы зороастризмнің киелі кітабы Авестаның қағидаларын теріс түсіндірумен айналысқан манихей ілімін жақтаушыларға қатысты қолданылған. Ислам дінінде зиндик термині кең мағынаға ие болып, исламға қарсы шығушылар немесе оның кейбір қағидаларын сынайтындар зиндик – дінбұзарлар деп атала бастады [4, 144-б.].

Араб саяхатшыларын қызықтырған мәселелердің бірі – түрік тайпаларының арасындағы отбасы және неке қатынастарына қатысты салт-дәстүрлер еді. Танымдық мәселеде Құран қағидаларын басшылыққа аған ислам саяхатшылары мен ғалымдары түрік тайпаларының әдет-ғұрыптарын, салт-санасын да осы тұрғыда бағалаған. Көне түріктерде ерлі-зайыптылардың адалдығы отбасының және қоғамның саулығын қамтамасыз етеді деп білген. Содан да некелік салт-дәстүрлерде ерлі-зайыптылардың адалдығына баса мән берген.

Әйтсе де саяхатшы Әбу Дулафтың осы мәселеге қатысты деректері бір-біріне қайшы келіп жатады. Сондықтан да оның кейбір деректері сын көзімен қарауды талап етеді. Ол қарлұқ тайпасы туралы «Олардың арасында зинақорлық жиі кездеседі және тыйым салынбаған» десе, оларға көрші хұтлық тайпасы туралы «егер олардың елінде біреу

зинақорлық жасаса оны да, оның сыңарын да өртейді. Оларда ажырасу деген жоқ» [4, 161-б.] дейді. Бұл жерде саяхатшының түрік тайпалары арасындағы дәстүрлі некелік қатынастардың сырына үңілмей, оларға шарифат жолымен баға бергендігі.

Түріктердің исламға дейінгі мерекелік салт-дәстүрлеріне байланысты қызық дерек кездеседі. Әбу Дулаф тоғызтоғыздарда «кемпірқосақ көрінсе оларда мереке» десе, қарлұқтарда «парша киетін мереке болады, ал ондай мүмкіндігі жоқтар паршадан жамау жапсырады» деп жазады [4, 159 б.]. Бұл деректердің Наурыз мерекесіне қатысты екендігіне екі дәйек табамыз. Бірі – кемпірқосақтың көктемгі уақытта жиі байқалатындығы, екіншісі – көктемгі мерекеге адамдардың барынша жасанып, үстіне бар тәуірін киіп шығуы.

XIII ғасырда өмір сүрген араб географы, энциклопедисті Йақұт әл-Хамауи өзінің «Му‘жам әл-булдан» атты еңбегінде қалың малға байланысты қызықты мәліметтер бар. «Қалың мал дегеніміз – адамның қолда бары. Және (қыздың) қамқоршысы болып бір жыл қызмет ету» - дейді. Түрік әйелдерінің қоғамдағы орны туралы ортағасырлық жазбалардан құнды деректер көптеп кездеседі. Түрік әйелдері еркектерден жүзін жасырмаған. Осы ойларды өрбіткен Йақұт әл-Хамауи мәтіні былай жалғасады: «Олардың дәстүрлеріне мыналар жатады: жас қыздар орамалсыз (жүреді), егер еркек үйленгісі келсе оның басына әлдебір орамал жабады, егер ол осылай істесе (қыз) оның әйелі болады және оған ешкім қарсы бола алмайды (қызды тартып ала алмайды)» [9, 450-б.] деген салт-дәстүрі жас келіннің басына орамал салу түрінде қазақ халқының арасында күні бүгінге дейін сақталып отыр.

Ортағасырлардағы түрік қоғамындағы орныққан құқықтық нормалар туралы мәліметтер де бар. Йақұт әл-Хамауидің түрік тайпаларында «кісіні өлтіргені үшін оларда жаза қолданылады, ал жаралағаны үшін айып төлейді. Егер жаралы айып төлеген соң өлсе, онда қанды кек тоқтайды» деген дерегі XVIII ғасырдың басындағы «Жеті жарғы» заңдар жинағында орын алған құқықтық қағидалар исламға дейінгі дәстүрлерде түрік қоғамында орын алған реттеуші қызмет атқарған дәстүрлерден бастау алғандығын аңғартады.

Йақұт әл-Хамауидің еңбегінде этнопедагогқа қатысты деректер де орын алған. Тамим ибн Бахр кимектерде «түріктерде әлде бір адам ұлды болса ол оны балиғатқа толғанша асырап, тәрбиелеп, қамқорлық жасайды. Сосын оған садақ пен жебе беріп «Өз күніңді өзін көр» деп жібереді. Осыдан кейін ол бұлармен бөтен адамдар сияқты араласады» деген сөйлемнен этнопедагогикаға қатысты қалыптасқан тәрбиелік дәстүрлерді көреміз. Йақұт әл-Хамауидің бұл дерегі түрік халықтарындағы ұрпақ тәрбиесінің тәсілдерінен хабар береді.

VII ғасырда жаңа діни жүйе – исламның ықпалымен Араб халифатының құрылуы әлемдік тарихтың жаңа кезеңін бастады. Ислам туының астында 633 жылы арабтар жаулап алу соғыстарын бастады. Олар аз уақыт ішінде Сирия, Египет, Палестина, Иран, Ирак жерлерін басып алып, Орта Азияның оңтүстік облыстарына жақындады. Арабтардың жаулап алуы басталған қарсаңында Ориалық Азия мен Қазақстан аумағының көп бөлігі Батыс түрік қағанатының билігінде болды.

Түріктер ислам елдерімен шекаралас болып, олармен жан-жақты байланыс жасауы арқылы ислам әлемінің деңгейі біршама жоғары материалдық және рухани мәдениетімен танысуына мүмкіндік жасады. Ол мәдени аймаққа қосылу, оның игілігін тұтыну ислам дінін қабылдаған жағдайда ғана мүмкін еді.

Йақұт әл-Хамауидің «Му‘жам әл-булдан» еңбегінде түрік тайпалары арасында ислам дінін насихаттау жөніндегі мағлұматты кездестіреміз. Халифа Хишам ибн Абд әл-Малик (724-743) түрік билеушісіне ислам дінін уағыздау үшін елші жібереді. Елші «билеушім сізге насихат бергісі келеді, сізді теріс жолда деп санайды, ислам дініне кіруіңізді қалайды» деді. Ол «Ислам деген не?» - деді. «Оған исламның шарттарын, халал-харамдарын, парыздарын және ғибарат түрлерін түсіндірдім». Билеуші бірнеше күннен кейін әскери шеру өткізіп, тілмашқа: «Мына елшіге айт, билеушісіне айтсын: «Мыналардың ешқайсысы да етікші, не

тігінші, не емші емес. Жауынгерлік олардың күнкөріс кәсібі. Ендеше олар мұсылман болып исламның шарттарын орындаса қайтіп күн көрмек» [10, 28-29-бб.] деді. Йақұт Ибн Факихтен (XII ғ.) алып қолданған түрік билеушісінің қабылдауы туралы бұл деректе оқиғаның қай қалада, қашан және қандай билеушінің резиденциясында болғандығы туралы ешқандай дерек айтпайды. Осы деректі әртүрлі интерпретацияда қолданған кейінгі зерттеушілердің еңбектерінде де бұл жөнінде қосымша деректер кездеспейді. Осыған байланысты алғашқы болып Л.Н. Гумилев халифа Хишамның елшісін қабылдап, әскери шеру өткізген түркештер билеушісі Сұлу қаған (717–738 жылдары билік құрған) [11, 356–357-бб.] деп тұжырым жасайды.

Ал белгілі шығыстанушы С.Г. Кляшторный тарихи деректерді салыстыра келіп, арабтардың Сулук Әбу Мухазимді Соғдыдағы өз билігінің ең басты қаупті деп санағандығын жазады. Омеядтық халифа Хишам (724-743 жж.) билігі кезіндегі бұл істі Түргеш қағанын ислам дініне кіргізіп, дипломатиялық жолмен шешуге жасалған әрекетпен байланыстырады.

751 жылғы әйгілі Талас шайқасында түрік тайпалары біржақты арабтарды қолдады. Ибн әл-Асирдің (XIII) мәліметіне қарағанда Талас шайқасында қытайлықтар ойсырай жеңілген: 100 мың адамның 50 мыңы өліп, 20 мыңға жуығы тұтқынға түскен. Осы шайқаста қытай әскеріне тылдан соққы беріп, арабтарды қолдаған қарлұқтар Жетісуда өздерінің саяси билігін орнатуға ұмтылған еді. Олар өлкеде қалыптасқан жағдайды салмақтай келе қытайлықтардан келер қауіптің күшті екендігін білді. Бұл көңіл-күй халықтың араб-ислам мәдени ықпалын таңдауына ұласты. Түрік тайпалары арасында қарлұқтар алғашқы болып исламды қабылдады және басқалардан бұрын жаңа өркениетпен араласты. Осындай бірлескен жеңістен соң 766 жылы Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінде саяси үстемдікке қол жеткізген қарлұқтарға мұсылман мәдениеті мейлінше күшті ықпал жасады. Олар ислам дінін сонау Махди халифа кезінде (775–785) қабылдаған деген пікір бар [4, 140-б.]. Йақұт дерегіндегі Сұлу қағанның әскери шеру түрінде халиф елшісіне көрсеткен қыры тарихи даму барысында саяси теке-тіреске ұласпай, бейбіт шешім тапты.

Жаңа дін Ұлы Жібек жолы бойындағы көптеген қалаларда үстем дінге айналды. «Ислам Фарабқа тек саманилік кезеңде, Нұх ибн Асадтың 839-840 жж. Ифиджабты жаулап алумен келген болса керек». Исфиджаб облысымен қатар Таластың оңтүстігін мекендеген қарлұқтар да исламды қабылдады. Ибн Хаукал (X ғ.) «Сүткент - мешіті бар қала, онда түріктер жиналады. Олардың кейбірі исламды қабылдап үлгерген. Оғыздар мен қарлұқтардың халқы ислам атын алған. Бараб пен Кенжидінің, Шаштың арасында жасыл жайлым (бар), олардың ішінде шамамен исламды қабылдап үлгерген 1000 үй түрік бар» [12, 99] деп жазады.

Түріктердің ислам дінін қабылдау процесі олардың арасындағы дәстүрлі наным-сенімдер мен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар күшті болып тұрған кезінде жүрді. Орта Азия халықтары әлемдегі ең алғашқы монотеистік діндердің бірі – тәңірлік дінді ұстанғанымен Батыс пен Шығысты байланыстырып тұрған осы аймақта зороастризм, буддашылық, христиандық, манихейлік діндер де кең таралды. Оның түрлі тарихи себептері болды. Дегенмен түріктердің әртүрлі діни дәстүрлерімен таныс болуы олардың өзге халықтармен мәдени сұхбатқа икемдігін танытатын еді [7]. Бұл аталған діндердің таралу және тұтынылу деңгейі әртүрлі болғанымен олардың біршама уақыт бейбіт қатар өмір сүргендігі ақиқат.

Әдебиеттер мен деректер:

1. Смағұлов Н.Б., Ташағыл А. Ежелгі түркілердің дүниетанымы – «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясының негізі // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. № 4 (88) 2017. 40-50 бб.

2. Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы / М. Орынбеков. - Алматы: Ғылым, 1996. 168 б.
3. Кумеков Б.Е. Государство кимеков IX-XI вв по арабским источникам. –Алма-Ата: Наука, 1972. 156 с.
4. Көмеков Б.Е., Ильясова З.С. Ыақұттың «Му‘джам әл-булдан» (XIII ғ.) жағрафиялық жинағы - Қазақстанның ортағасырлық тарихының дерегі. -Алматы: Қазақ университеті, 2011. 245 б.
5. Путешествие Ибн-Фадлана на Волгу / под редакцией Академика И.Ю. Крачковского. – Москва: Издательство Академии Наук СССР, 1939. – 212 с.
6. Вторая Записка Абу Дулафа. Издание текста, перевод, введение и комментарии П. Г. Булгакова и А. Б. Халидова. –М.: Издательство восточной литературы, 1960. -140 с.
7. Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т. 1 / Под ред. С.Л. Волина, А.А. Ромаскевича, А.Ю. Якубовского. М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1939. 612 с.
8. Әбжет. Б. Түркі қағанаты тұсындағы политеизмдер // Түркология, №5, 2012. 36-44 бб.
9. .540 ص - .1979. بيروت. المجلد3. - معجم البلدان. المجلد1. - بيروت.1979. ص 540
ا. 540 ص - .1979. بيروت. المجلد1. - معجم البلدان. المجلد3. - بيروت.1979. ص 540
10. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М.: Наука, 1967. – 540 с.
11. Арабские географы и путешественники IX-XII вв. /Вступ. ст., пер. С араб., коммент., тексты и факсимиле Б.Е. Кумеков, Р.Б. Кумекова. Отв. Ред. А.К. Муминов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2010. Т. 2. 328.
12. Қартабаева Е.Т. Араб-мұсылман мәдениеті және Орталық Азия халықтары өміріндегі өзгерістер (VIII-XII ғ. басы) т.ғ.к., дис. Автореф. 07.00.03. –Алматы, 2002. 16 б.

«ДИУАНИ ЛУҒАТИ-Т-ТҮРК» ШЫҒАРМАСЫН АУДАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әлібекұлы Ақжігіт¹
alibekuly_a@mail.ru

Аннотация. Мақалада Махмуд Қашқаридің генеологиялық шығу тегі, «Диуани лұғати-т-түрк» шығармасының әдебиетке қатыстылығы, қазақ әдебиеттану ғылымында зерттелуі, аударылу мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар шығармадағы әдеби жанрлардың көркемдігіне, тарихи шындығына назар аударылады.

Кілт сөздер: Қарахандар әулеті, диуан, сөздік, аңыз, жыр, жанр, аударма

Аннотация. В статье рассмотрены о генеалогическом происхождении Махмуда Кашкари, актуальности произведения «Дивани Лугати-т-тюрк» для литературы, его изучении в науке о казахском литературоведении, проблемах перевода. При этом обращается внимание на художественную и историческую достоверность литературных жанров в произведении.

Ключевые слова. Династия Караханидов, диван, словарь, легенда, песня, жанр, перевод.

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Шығыстану кафедрасының профессоры м.а., филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Астана, Қазақстан.